

Д. Рахымжанова, А. Әлжан*

Сүлейман Демирел атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан
E-mail: lrdlrld5@gmail.com, aksaule.alzhan@sdu.edu.kz

COVID-19: 2020 жылы Қазақстан медиасында жарияланған жалған ақпараттарды талдау

Аңдатпа. Зерттеу материалда 2020 жылы жарық көрген жалған ақпараттарға контент-анализ жасалады. Манипуляция және провакациялық ақпараттардың қоғамға әсері мен зияны, медиа сауаттылықтың жетіспеуі және қазақстандықтардың ақпаратты қабылдаудағы негізгі мотивтері қарастырылып, зерделенеді.

Зерттеуге үш түрлі тараған жалған ақпарат таңдап алынды. Атап айтқанда, Сисембек Ошақ есімді желі қолданушысы таратқан ақпараты, пандемия кезінде Денсаулық сақтау экс-министрі болған Жақсылық Досқалиевтің атынан тараған жалған ақпарат пен Ұлттық кеңес мүшесінің таратты деп жарияланған газеттегі жалған ақпаратына қатысты болады.

Зерттеуде жалған ақпарат таратушы тараптардың манипуляцияға жол беруі, провакациялық реңктегі хабарламаны үлкен аудиторияға ешқандай фактчек жасамастан таратуы, олардың іс-қимыл әрекеттеріндегі басты қателіктер жіті зерттеледі. Жалған ақпараттың аудиторияға әсері, кликбейт тақырыптың кері болжамы мен ақпаратты таратушының жауапкершілігі деген мәселелер негіз болады.

Түйін сөздер: коронавирус, пандемия, COVID-19, жалған ақпарат, контент-анализ.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-143-2-40-46>

2020 жылдың көктемінен бастап әлемде пандемия басталды. 2019 жылдың қараша-желтоқсан айларында Қытайда жаппай тұмау жүріп жатқаны туралы, белгісіз бір вирус пайда болғаны жайында әлемдік БАҚ жанама түрде жаңалықтар берді. Алайда оның әлемдік деңгейдегі пандемияға алып келетініне сеніп артқандар аз болды.

Қазақ тілінде «жалған ақпарат» деп атап өткенімізбен, «жалған» сөзіне қатысты талас көп. Мұны нақты талдау үшін сөзді зерттеуші К. Вэйрдла мен Х. Деракшананың пікірлеріне үңілеміз. Онда «fake news» терминінің көп құрамдас бөлігі атап көрсетіледі және олардың жіктелуі ұсынылады: «misinformation» (зиян келтіруді мақсат етпейтін шындыққа сәйкес келмейтін ақпарат); «disinformation» (зиян келтіруге бағытталған шындыққа сәйкес келмейтін ақпарат), «mal-information»

(зиян келтіруге бағытталған жасанды түрде жасалған ақпарат) [1] деп атап көрсетеді.

Фейк ақпараттардың негізгі форматы белгілі бір оқиға желісіне құралған мәтін немесе мәтінге берілген пікір ретінде – қысқа тақырып не мәтін/видео/аудио түрінде беріліп отырған.

Біз қарастыратын жалған ақпарат тікелей «disinformation» терминіне сәйкес келеді. Себебі талдауға алған үш түрлі ақпараттың да қоғамға, коронавируспен ауырып жатқан адамдарға зияны бар. Онда нақты бір өнімді ішке ішу, пайдалану секілді мәселе көтерілген.

Әлемдік пандемия кезінде жалған ақпаратпен күресу, оның алдына лубойынша түрлі шаралар жасалды. Соның ішінде медиа сауаттылық мәселесі бастама ретінде көтеріліп, халықтың жалған ақпарат алуына жол бермеу үшін оқыту курстары ашылды.

Мұғалімдерге арналған «Медиа ақпараттық сауаттылық» [2] еңбегі және жалпы халыққа арналған «Медиасауаттылық» [3] кітаптары жарық көрді.

Талдауға алған 3 контенттің авторлары немесе авторы болуы мүмкін деп тараған ақпараттардың мәні мен мазмұны мынандай:

Кесте-1

Ақпараттың авторы немесе кімнің атынан тарады?	Ақпарат қалай тарады?	Ақпараттың статусы	Таралу аймағы
Сисембек Ошақ	С. Ошақ есімді азамат WhatsApp мессенджері арқылы «NCP» деп аталатын COVID-19 вирусын жұқтырмау үшін 15 минут сайын су ішу әдісін қолдануды, оны жапон ғалымдары ұсынды деген дерекпен таратқан	Жалған (зерттеу арқылы)	Әлеуметтік желі. (Ақпарат өшірілген)
Жақсылық Досқалиев	Экс-министр атынан коронавирусқа қарсы ең тиімді ем ретінде сарымсақты ұсынған. Тіпті оны аш қарынға шайнамай жұту керек екенін айтқан.	Жалған (Досқалиев нақты өзі мәлімдеме жасады)	Әлеуметтік желі (ақпарат өшірілген)
Ұлттық Кеңес мүшесі	Қазақ тілінде шығатын газеттердің бірінде «Ұлттық кеңес мүшесі халыққа күнделікті арақ ішуге кеңес берді» деген тақырып тараған. Тақырып бойынша Ұлттық Кеңес мүшесі деп аталған белгісіз адам атынан тараған ақпаратта вирустың алдына алу үшін арақ ішу тиімді деп көрсетілген.	Жалған (зерттеу арқылы)	Газет бетінде жарияланған (ақпаратты нақты табылмады, бірақ Азаттық сайтында материалдың дәл осы тақырыппен берілген тілімі сақталған)
Белгісіз мектеп мұғалімі [4]	Ата-аналарға мектеп мұғалімінің бірінен келген қазақ тіліндегі аудио тарайды. Онда: «Онда белгісіз әйел жақын күндері гүл сатып алуға болмайтынын, өйткені олардың «Қытайдан әкелінгенін» айтады. Ол егер гүл сатып алып қойғандар болса, оны «үйде қалдырмауға», «тек қолғаппен» ұстауға кеңес береді».	Жалған ақпарат (зерттеу арқылы)	WhatsApp мессенджері (ақпарат өшірілген)

Islam.kz	Islam.kz сайтында «Коронавирус тана қалай қорғану керек? ДСҰ кеңесі» деген материал жарық көрген. Онда «Қауіпті вирус AliExpress арқылы жеткен тауармен де жұғады» деген ақпарат берілген. БАҚ: «Жөтелгеннен, түшкіргеннен бөлінетін вирустың кішкентай тамшылары заттарда қалып қалады және оны ұстаған адам індет жұқтыруы әбден мүмкін», деп ресейлік вирусологтарға сілтеме жасаған.	Жалған ақпарат (себебі дәлелденбеген)	Ресми БАҚ (Сілтеме әлі де сақтаулы) [11].
----------	--	---------------------------------------	---

Сисембек Ошақ есімді азамат: ««NCP» деп аталатын жаңа COVID-19 вирусын жұқтырмау үшін 15 минут сайтын су ішу керек, мұны жапон мамандарының дерегіне сүйеніп айтып отырғанын, вирус аузыңызға түссе де, ... су немесе өзге сұйық зат оны шайып, өңіш арқылы асқазанға түсіреді. Асқазан қышқылы вирусты өлтіреді» [4] деген мәтіндегі ақпаратты WhatsApp мессенджері арқылы таратқан.

Аталған ақпараттың жалған болуына басты мотив – сұйық зат пен асқазан қышқылының вирусты өлтіруі. Біз бұл дерекке көз жүгірту үшін асқазан қышқылы мен сұйық заттың коронавирусты нақты өлтіретініне көз жеткізіп көрдік:

«Суды көп ішу коронавирусты немесе ауруды жоятынына және асқазан қышқылы вирусын өлтіретініне ешқандай дәлел жоқ. Дегенмен, денсаулықты сақтау үшін, бұл ұсынылады. Адамдардың денсаулығы үшін және сусызданудың алдын алу үшін күн сайын жеткілікті мөлшерде су болуы керек» [5] деген жауап қалдырған.

Яғни нақты ешқандай зерттеу жасалмаған, тәжірибеден өтпеген, ешбір ғалымның пікірі немесе мәлідемесі жоқ ақпаратты «жапон ғалымдары» деп сілтеме беру арқылы, оны үлкен аудиторияға таратуы жалған ақпарат болып саналады.

Коронавирус кезінде дәрі мен емдерді айтпағанда, әлі дайын болмаған вакцинаның өзіне нақты сенім болған жоқ. Себебі вакцина дайындау және оны жүзеге асыру бірнеше жылды талап етеді. Ал жай ғана су ішіп, асқазан қышқылына сеніп вирусты кетіріп жіберу ақылға қонымсыз.

Халықтың жалған ақпаратқа сену қаупі жоғары. Бұған тікелей манипуляция жасайтын немесе медиасауаттылық этикасын бұзған БАҚ өкілдері баруы мүмкін. Олардың тексерусіз, фактчек жасамай ақпаратты қалай бар, солай бере салуы әсер етеді. Ал жалпы қоғамның жалған ақпаратқа үйір болуы турасында Мәскеу психоанализ институтының маманы Галина Солдатова жауап берді:

«Бұл жағдай не үшін орын алады? Негізгі дұрыс ақпараттың уақытында таралмауы немесе жетіспеуі. Ең басты себеп – адамдардың проблема болғанға дейінгі кезеңде ресми органдарға сенімсіздік білдіруі. Бұдан бөлек адамдар қауіп болған кезде нақты қалай қорғану керек екенін білмейді» [6], - дейді.

2020 жылы Денсаулық сақтау министрлігінен бастап, мемлекеттік органдардың тарабынан ақпаратты уақытында тарату проблемасы туындағанын қазақстандық медиа өкілдер,

фактчек журналистері бірнеше рет ескертіп, жазба да қалдырды. Дегенмен жалған ақпараттың тарау аймағы үлкейген сайын үлкейе берді. Жалған ақпаратпен күресу немесе оның проблема айналуы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемдік деңгейде үлкен қауіпке айналды. Оған себеп ретінде жоғарыда аталған Сисембек Ошақ есімді азамат таратқан ақпаратқа ұқсас деректерді араб тілінде 250 мың адам бөліскен [7].

Денсаулық саласының бұрынғы министрі Жақсылық Досқалиевтің атынан тараған жалған ақпаратта «коронавирусына қарсы ең тиімді дәрі – сарымсақ» деген аудио тараған. Аталған ақпараттың Досқалиевтің атынан деп келтіріп отырғанымыз, экс-министр ақпараттың жалған екенін айтып, өзі де пікір білдіруге әрі 2020 жылдың екінші наурызында сол кездегі министр Елжан Біртанов мұның жалған ақпарат екенін айтып, мәлімдеме жасауына тура келді.

«Аудионы мен тыңдадым. Ол менің дауысым емес. Мен ондайды ешқашан айтпаймын. Бұл – бос әңгіме. Мұның не үшін жасалып жатқанын да білмеймін» [8], - деді экс-министр.

Ақпараттық кеңістікте кез келген деректің сенімді әрі қоғамда толқу тудыруы үшін ресми өкіл немесе сенімді деп танылатын ақпарат құралдарын пайдалану үрдісі бар. Мәселен, Ошақ есімді азаматтың қолданған жалған ақпаратындағы «жапон ғалымдары» деген мәтін және экс-министр атынан дерек беру – халық арасында сенімділік ұялатады. Бұл жерде атап өтетін мәселе бар: қазақ қоғамында АҚШ, Еуропа секілді елдердің медицинасынан бөлек Оңтүстік Корея, Жапония секілді дамыған елдердің денсаулық саласын мақтайтын топ бар. Сол топтың әсерінен манипуляцияға түскен адам «сенімді екен», «жапон ғалымдары айтыпты» деген меседжге ұрынады. Мәселен, дәл сол тараған ақпаратта Судан немесе Өзбекстан секілді дамушы елдердің ғалымдары айтты десе, халық санасында рационалды түрде сенімсіздік түсінігі туындайды.

Үшінші талдауға алған контент Ұлттық кеңес мүшесі атынан тараған жалған ақпарат. Қазақ тілінде шығатын газеттің

бір ғана бетіндегі «Коронавирус әлегі» деп аталатын айдарда «Ұлттық кеңес мүшесі халыққа күнделікті ішімдік ішуге кеңес берді» [4] деген ақпарат тараған.

Аталған дерек бойынша қазақстандық БАҚ беттерінде ешқандай дерек жоқ. Тек «Азаттық радиосы» газет тілімін сақтап үлгерген, алайда, ақпарат бойынша қандай газет, қай жерде басылып шыққан, қайда тараған деген сұраққа жауап таба алмаған. Зерттеу мақаламызда біз де бұл дерек бойынша google суретті, мәтінді пайдалану арқылы бірнеше іздеу жүйесін пайдаландық. Дегенмен нәтиже болмады. Алайда бір тілім газет бетіндегі ақпараттың жарияланғаны рас.

Алғашқы 3 контент арқылы жеткен жалған деректер бойынша үшеуінде де адамның ішке пайдаланатын өнімдері аталған. Бұдан бөлек сұйықтық ішу туралы мынандай ортақ деректер кездеседі: *қайнаған су, ішімдік*.

Кейінгі екі контентте кездесетін ортақ ұқсас ұғымдар: заттай жұғу форматы. Яғни коронавирус туралы тараған жалған ақпараттардың бәрі дерлік тек ішке пайдаланатын өнімдер арқылы ғана емес, адамдардың бір затты ұстауы, оны пайдалануы арқылы да жұғады деген, дәлелденбеген нарративке алып келген.

Дәл осындай ақпараттың тарау себебі ретінде төмендегі деректі негіз ете отырып, зерттеу мақала басында атап көрсеткен «disinformation» ұғымына нақты жауап бер аламыз.

Терапевт-дәрігер Гаухар Қожакеева ішімдіккетәуелдіболужәнеоныңтұтынудың көбеюіне COVID-19 инфекциясының тікелей әсері бар деп есептейді:

«Алкоголь сусындары адамдарды коронавирус инфекциясынан қорғайды немесе таралауына жол бермейді деген сенімсіз дерек ел ішінде әлі тарап жатыр. Ауру жұқтырғанда немесе иммунитет әлсірегенде арақ ішу жүрекке қосымша салмақ салады. Керісінше, адамның иммунитетін әлсіретіп, бактериялар мен вирустың көбейіп кетуіне, ағзаның қауіпті дертпен өздігімен күресуіне кедергі жасайды» [9], – дейді дәрігер.

Жалпы талдау нәтижелері бойынша, көп жағдайда жалған материалдарды

бастапқы сипаттамалары бойынша тануға болады деп қорытынды жасауға болады. Мысалы:

- * Кликбейт тақырып;
- * Географиялық өзгеріс және уақытша байланыстың болмауы;
- * Жоғары эмоционалдылық,
- * Көптеген риторикалық сұрақтар мен леп белгілері;
- * Қастандық теориясына шағымдану және әрекетке шақыру;
- * Аты аталмаған беделді дереккөздер мен сарапшыларға сілтеме [10].

Осылайша, фейктерді біріктірудің және оларды өзектендірудің үш негізгі кезеңі анықталды:

1. Жалған ақпарат ұқсас сезімдерді (қорқыныш, үрей, айыптау, кейде жеңілдік) және эмоционалды реакцияны (әрекетке шақыру) тудырды.
2. Ақпарат әлеуметтік желілерде көптеген репосттарға ие болды, бұл адамдардың белгілі бір сенімін тудырды.
3. Жалған ақпаратты белгілі бір адамдар, мысалы, пікір жетекшілері, танымал адамдар таратты немесе әртүрлі

қызығушылық топтарында жарияланды [10, 6].

COVID-19 коронавирусына қатысты ақпараттардың былтыр жарияланған материалдарына шолу жасап көрсеңіз, олардың оқылымы азайғанын, адамдардың бұл вирустан тезірек құтылып, қалыпты өмірге өтуге асыққанын байқауға болады. Әрине пандемияның тоқтап, қалыпты өмірдің болғаны дұрыс. Алайда вирустың толық жойылып кетпегенін, оның әлі де болса Қытай елінің кей қалаларын қайта карантинге жабылуына себеп болып отырғанын да ұмытпаған жөн.

Сондықтан қандай жағдай болмасын сенімді дереккөзге және дұрыс ақпаратқа қол жеткізуде ең бірінші жауапкершілік арқалайтын мемлекеттік структура, екіншісі үлкен аудиторияны қамтып отырған редакция мен журналистер. Аталған қос құрылымның жауапкершілігі артқан сайын, халықты фейк ақпараттардан қорғауға деген ынтасы өскен сайын, басқа да апатты жағдайдағы жалған ақпараттардың алдын алуға, көрсеткіш пайызын төмендетуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Information disorder: Toward an interdisciplinary framework for research and policy making [Электронды ресурс] – 2018. – URL: [https://www.rcmediafreedom.eu/Publications/Reports/Information disorder-Toward-an-interdisciplinary-framework-for-research-and-policy making](https://www.rcmediafreedom.eu/Publications/Reports/Information%20disorder-Toward-an-interdisciplinary-framework-for-research-and-policy-making) (Accessed: 5.05.2020).
2. Иманқұлов М., Усупбаева А., Текімбаева А., Данилова Н., Штурхетский С. Кожобекова Б. Медиа ақпараттық сауаттылық: мұғалімдерге арналған ресурстық кітап [Электронды ресурс] – 2018. – URL: <https://mediasabak.org/media/library/2020/09/01/3a7589a2bc2e406390b1fca8e62cb8fa.pdf> (қаралған күні: 5.05.2020).
3. Практическое учебное пособие для высших учебных заведений по медийной и информационной грамотности [Электронды ресурс] – 2018. – URL: <https://mediasabak.org/media/3f1921fa-9f7b-46a6-b110-c08809510337.pdf> (IREX Europe, 2018). (дата обращения: 5.05.2020).
4. Құрандағы кірпік, сарымсақ пен су. Коронавирус жайлы жалған ақпарат [Электронды ресурс] – 2020. – URL: <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-fake-news-about-coronavirus/30478794.html> (қаралған күні: 10.03.2020).
5. World Health Organization [Электронды ресурс] – 2022. - <https://www.who.int/ru> (2022). (Accessed: 10.03.2020).
6. Эксперт рассказала, почему люди верят фейкам [Электронды ресурс] – 2020. – URL: https://forbes.kz/news/2020/04/01/newsid_222321 (жарияланды: 01.04.2020).
7. Coronavirus: The fake health advice you should ignore [Электронды ресурс] – 2020. – URL: <https://www.bbc.com/news/world-51735367> (жарияланды: 08.03.2020).
8. Сарымсақ туралы әңгімені экс-министр Досқалиев айтпаған болып шықты [Электронды ресурс] – 2022. – URL: <https://sputnik.kz/20200303/Dosqaliev-aqparat-12979822.html> (жарияланды: 01.02.2022).
9. Ішімдіктің коронавирусқа әсері: елдегі суррогат ішімдік өндірісі халықты ұлап жатыр [Электронды ресурс] – 2020. – URL: <https://azattyq-ruhy.kz/society/10932-ishimdiktin-kovidke-serieldegi-surrogat-ishimdik-ondirisi-khalykty-ulap-zhatyr> (жарияланды: 24.07.2020).

10. Контент-анализ фейков о COVID-19 // Cabar.asia, 2021.
11. Коронавирустан қалай қорғану керек? ДСҰ кеңесі [Электронды ресурс] – 2020. – URL: <https://islam.kz/kk/news/arturli/koronavirustan-qalai-qorganu-kerek-dsu-kenesi-13076/#gsc.tab=0> (қаралған күні: 24.03.2020).

References

1. Information disorder: Toward an interdisciplinary framework for research and policy making [Electronic resource] – 2018. Available at: [https://www.rcmediafreedom.eu/Publications/Reports/Information disorder-towards-an-interdisciplinary-framework-for research-and-policy making](https://www.rcmediafreedom.eu/Publications/Reports/Information%20disorder-towards-an-interdisciplinary-framework-for-research-and-policy-making) (Accessed: 5.05.2020).
2. Imankulov M., Ussupbayeva A., Tekimbayeva A., Danilova N., Sturkhetsky S. Kozhobekova B. Media akparattyk sauattylyk: mugalimderge arналған resurstyk kitap [Media Information Literacy: Resource Book for teachers] [Electronic resource] – 2018. Available at: <https://mediasabak.org/media/library/2020/09/01/3a7589a2bc2e406390b1fca8e62cb8fa.pdf> (Accessed: 5.05.2020).
3. Prakticheskoe uchebnoe posobie dlja vysshih uchebnyh zavedenii po mediinoi i informacionnoi gramotnosti [Practical training for higher educational institutions for medical and information certificates] [Electronic resource] – 2018. Available at: <https://mediasabak.org/media/3f1921fa-9f7b-46a6-b110-c08809510337.pdf> (IREX Europe, 2018). (Accessed: 5.05.2020).
4. Qurandagy kirpik, sarymsaq pen su. Koronavirus zhajly zhalgan aqparat [Lash, garlic and water in the Quran. False information about coronavirus]. [Electronic resource] - 2020. Available at: <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-fake-news-about-coronavirus/30478794.html> (Accessed: 10.03.2020).
5. World Health Organization [Electronic resource] – 2022. - <https://www.who.int/ru> (2022). (Accessed: 10.03.2020).
6. Ekspert rasskazala, pochemu lyudi veryat feikam [Expert told the audience the reasons why people believe fake information] [Electronic resource]. - 2020. Available at: https://forbes.kz/news/2020/04/01/newsid_222321 (Accessed: 01.04.2020).
7. Coronavirus: the fake health advice you should ignore [Electronic resource] – 2020. Available at: <https://www.bbc.com/news/world-51735367> (Accessed: 08.03.2020).
8. Sarymsaq turaly angimeni ex-ministr Doskaliev aitpagan bolyp shyqty [It turned out that the story about garlic was not told by ex-minister Doskaliev] [Electronic resource] – 2022. Available at: <https://sputnik.kz/20200303/Dosqaliev-aqparat-12979822.html> (Accessed: 01.02.2022).
9. Ishimdiktin koronaviruska aseri: eldegi surrogat ishimdik ondirisi halyqty ulap zhatyr [Effects of alcohol on coronavirus: surrogate alcohol production in the country is poisoning the population] [Electronic resource] – 2020. Available at: <https://azattyq-ruhy.kz/society/10932-ishimdiktin-kovidke-seri-eldegi-surrogat-ishimdik-ondirisi-khalykty-ulap-zhatyr> (Accessed: 24.07.2020).
10. Kontent-analiz feikov o COVID-19 [Content analysis of fakes on COVID-19], Cabar.asia, 2021.
11. Koronavirustan qalaj qorganu kerек? DSU kenesi [How to protect yourself from Coronavirus? WTO Council] [Electronic resource]. - 2020. - URL: <https://islam.kz/kk/news/arturli/koronavirustan-qalai-qorganu-kerek-dsu-kenesi-13076/#gsc.tab=0> (Accessed: 24.03.2020).

Л.Д. Рахымжанова, А. Альжан

Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

COVID-19: анализ дезинформации, распространенной в СМИ Казахстана в 2020 году

Аннотация. В материале исследования будет проведен контент-анализ дезинформации, опубликованной в 2020 году. Рассматриваются и изучаются влияние и вред манипуляционной и провокационной информации на общество, отсутствие медиаграмотности и основные мотивы восприятия информации казахстанцами.

Для исследования были отобраны три различных источника дезинформации. В частности информация, распространяемая пользователем сети по имени Сисембек Ошак, будет касаться дезинформации, распространяемой от имени Жаксылыка Доскалиева, который был экс-министром

здравоохранения во время пандемии, и дезинформации члена Национального совета в газете, которая была объявлена дезинформированной.

В исследовании тщательно исследуется допустимость манипуляций сторонами, распространяющими ложную информацию, распространение сообщения провокационного тона большой аудитории без каких-либо фактчек, основные ошибки в их действиях. В основе лежат вопросы влияния дезинформации на аудиторию, обратного прогноза кликбейта и ответственности распространителя информации.

Ключевые слова: коронавирус, пандемия, COVID-19, дезинформация, контент-анализ.

L.D. Rakhymzhanova, A. Alzhan
Suleiman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

COVID-19: analysis of disinformation spread in the media of Kazakhstan in 2020

Abstract. The research material will include a content analysis of disinformation published in 2020. The influence and harm of manipulative and provocative information on society, the lack of media literacy and the main motives for the perception of information by Kazakhstanis are considered and studied.

Three different types of misinformation were selected for the study. In particular, the information disseminated by a network user named Sisembek Oshak will relate to disinformation disseminated on behalf of Zhaksylyk Doskaliev, who was ex-Minister of Health during the pandemic and disinformation of a member of the National Council in a newspaper that was declared misinformed.

The study thoroughly examines the permissibility of manipulations by parties spreading false information, the dissemination of a provocation message to a large audience without any facts, the main mistakes in their actions. It is based on the issues of the influence of disinformation on the audience, the reverse forecast of clickbait and the responsibility of the distributor of information.

Keywords: Coronavirus, pandemic, COVID-19, disinformation, content analysis.

Авторлар туралы ақпарат:

Рахымжанова Л.Д. – «Медиа зерттеулер және журналистика» мамандығының магистранты, Сүлейман Демирел атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан.

Әлжан А. – сениор-лектор, Сүлейман Демирел атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан.

Rakhymzhanova L.D. – Master's student, Suleiman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan.

Alzhan A. – Senior Lecturer, Suleiman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan.